**plans.label.author**: Шуренова Гаухар Сагидуллаевна
**plans.label.category**: Сауат ашу
**plans.label.class**: 1-сынып
**plans.label.section**: Саяхат
**plans.label.theme**: П дыбысы мен әрпі.

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | **1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту**<br>**1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту**<br>**1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту** |
| Сабақтың мақсаты: | ***Барлық оқушылар: Жаңа білімді меңгереді. Көптеген оқушылар:***<br>***Тақырыпты түсініп, тыңдап, жетекші сұрақтар арқылы талқылайды.***<br>***Кейбір оқушылар: Алған білімді өмірде қолдана алады.Дыбыстық талдау жасай алады.*** |
| Тілдік мақсаттар: | оқу |
| Күтілетін нәтиже: | ***Айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады.***<br>***Нақты сөйлеу арқылы, мәселені түсінгенін көрсете алады*** |
| Бағалау критерийлері: | ***Айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады.***<br>***Нақты сөйлеу арқылы, мәселені түсінгенін көрсете алады.*** |
| Құндылықтарды дарыту: | *Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу* |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | *Интер белсенді тақта , таныстырылым* |
| Пәнаралық байланыс: | *Өнер, ана тілі сабағы* |
| Бастапқы білім: | Психологиялық дайындық Үлкенге де сіз,<br>Кішіге де сіз Құрметпенен сіздерге,<br>Бас иеміз біз! – Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш |

## plans.stages

| **plans.schedule.stages** | **plans.schedule.activity** | **plans.schedule.resources** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | Топқа бөлу Геометриялық фигураларды пайдаланып топтарға бөлу<br>Қызығушылықты ояту<br>Жұмбақ Қорықпайды күшті аңнан Қорқады тек тышқаннан (Піл) | |

| plans.schedule.stages | plans.schedule.activity | plans.schedule.resources |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | *: Оқулықпен жұмыс Қарамен жазылған сөздерді буындап оқу Апа,апан,пана,сап,қап,тап,арпа,атпа,теппе,ақпан,қақпан,кептер,әріп,Әлима ,әдеп Кірпі мен қоян сахналық көрініс<br>Оқушылар сахналық көрініс қояды «Әдемі» сөзіне мағынасы жуық сөздер тапқызу<br>Көрікті,келбетті,сулу,сымбатты,көркем<br>Дәптермен жұмыс «П» дыбысының үлгісін дәптерге жазады<br>: Сергіту сәті  Тербеледі ағаштар  Алдымнан жел еседі Кіп-кішкентай ағаштар  Үп-үлкен боп өседі  6-әрекет: Топпен жұмыс Топқа бөліп тапсырма беру. 1-топ «П дыбысы» бар сөздерді тап Кептер,қалам,қолғап,кітап,апа,кеме,үтік,апан,парта,ауа,ата. Дискриптор Сөздерді оқиды «П» дыбысы бар сөздерді табады<br>2-топ «Апан» сөзіне дыбыстық талдау жасаңдар Дискриптор Сөзді оқиды Дыбыстық талдау жасайды 3-топ «Шашылған әріптер» ойыны Оқушыларға кеспе әріптер беріледі,сол әріптерден сөздер құрастыру Дискриптор Әріптерді таниды Әріптерден сөздер құрайды<br>4-топ «Пана» сөзіне дыбыстық талдау жаса Дискриптор Сөзді оқиды Дыбыстық талдау жасайды<br>5-топ Өлеңнен «П» дыбысы бар сөздерді белгіле Пайдалы деп пияз жеп Парлады жас көзімнен Піссінші біраз деп Пысылдадым төзіммен Дискриптор Өлеңді оқиды «П» дыбысы бар сөздерді табады<br>Жұптық жұмыс: «Жоғалған әріптер» ойыны .<br>Оқушылар түсіп қалған әріптерді жұпта табады Ке...тер,а...ан,....ана, қақ....ан,...арта,а...а* | |
| Сабақтың соңы | Рефлексия «Тілек ағашы» оқушылар сабақтан алған әсерлерін стикерге смайлик арқылы суретін салып жабыстырады | |
| Рефлексия | Оқушылардың деңгейін тексеру | |